

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейбітшілікті жақтаймыз» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Жыл сайын 9 желтоқсанда Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні атап өтіледі. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуына қарамастан әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да дамып келеді.

Сыбайлас жемқорлық демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылықтарының бірі ретінде айқындалған.

Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында Қарағанды техникалық университетінің Инновациялық технологиялар колледжінде «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы өмірді қалаймыз» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: студенттердің бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты өз пікірі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға негізделген нақты азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру.

Колледж студенттері дөңгелек стол тақырыбы бойынша материалдар дайындады.

1. КОПЖТ 9/19-1 тобының студенті «Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары» Еркебайұлы Нұржігіт тақырыбында баяндама жасады.

2. КВТ 9/20-2 тобының студенті Царегородцев Никита "Сыбайлас жемқорлық деген не және онымен қалай күресу керек"

3. КОПЖТ 9/19-1 тобының студенті Қанат Мирас «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жолдары»

4. КСЭЗ 19/9-2 Попова Арина " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті өзіңнен бастау керек"

5. КСЭЗ 19/9-2 гр студенті Алькина Анастасия «Сыбайлас жемқорлыққа- "жоқ"дейміз!» тақырыптарында баяндамалар жасады.

Дөңгелек үстел барысында студенттер сыбайлас жемқорлық мәселелерін талқылады, осы құбылыстың мәнін, оның себептерін, оны қалай жеңуге болатындығын ашуға тырысты.

Колледж директоры Смағұлова Нурбиби Абсадыққызы студенттерге «Саналы ұрпақ» студенттік клуб жұмысын ұйымдастырғандары үшін алғысын білдіріп, клуб жұмысының маңыздылығына тоқталды.











